

ӘОЖ. 306.08

«КҮН ТЕГІ» МЕН «АЙДЫҢ БАУЫРЛАРЫ»  
“KUN TEGI” AND “BROTHER’S OF MOON”

Қ.САЛҒАРАҰЛЫ\*

**Түйіндеме**

Мақалада автор халықтың ауызша төл тарихын бүгінге жеткізген сөздердің сыртқы болмысына, ішкі мәніне үңіле отырып, естен өшкен ескі заманның адам баласына беймәлім құпияларын ашуға болады деген мәселені көтереді және оны ғылыми түрде талдап таратады.

**Кілт сөздер:** түрік, миф, скифтер, ман халқы, мифология деректері.

**Summary**

The author of this article that the oral history of the original population still external realities to peer into the inner meaning of the words of the wise men and women of the old system until it can be opened to bring the matter to the secrets of the unknown and distributes scientifically analyzed.

**Keywords:** Turkish, myth, Scythians, Man of the People, according to mythology.

Бір адамның білімділігі бүкіл әлемге сан ғасырлар бойы танылмай келген белгісіз бір халықтың тарихының танылып-білінуіне мүмкіндік туғызып, жол ашты. Ол 1893 жылдың қараша айының 25 күні осыдан бірер жыл бұрын Орхон дариясының жағасынан табылған, бұған дейін кімнің мұрасы екені беймәлім болып келген, тасқа қашалған көне жазудың оқылу кілтін тапты. Осы жылдың желтоқсан айының 15 күні бұл жаңалық ғылыми ортаға жария етілді. Жазудың кілтін тауып, оны жариялаған да, сонысымен белгісіз халықтың тарихын тануға жол ашқан да бұл бір адам - Дания азаматы, Копенгаген университетінің профессоры Вильгельм Томсен (1842-1927 жж.) деген салыстырмалы тіл ғылымының майталман маманы еді.

Міне, осы кісінің табанды ізденісінің жемісті нәтижесінен кейін ғана барып, әлем жұртшылығы көнеқытай жазбаларында бұған дейін қытайша «тугю» деп оқылып келген, шыққан тегі белгісіз халықтың кім екенін және оның төл атауының қалай аталғанын

---

\* филология ғылымдарының кандидаты, Түркология ғылыми-зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері, Астана-Қазақстан.

Candidate of Philology a leading scientific researcher in the scientific research center of Turkology, Astana-Kazakhstan. E-mail: K.Salgara@mail.ru

танып, білді. Осы арқылы тарих ғылымы көне заманда, Шығыста далалық империя деңгейіндегі іргелі ірі мемлекет құрған «Түрік» деген халықтың болғанын және олардың сол заманда-ақ өзіндік биік өрениетке қол жеткізгенін анықтауға мүмкіндік алды. Сол-ақ екен зерттеуші ғалымдар тарапынан бұған дейін ғылымға белгісіз болып келген халықтың тарихын танып-білуге деген зор құлшыныс оянып, Орхон ескерткіштеріндегі жазулардан алынған мәліметпен қытай жазбаларындағы түрікке қатысты деректерді әркім өз мүмкіндігіне қарай салыстыра саралап, өз пайымдауларын алға тартты. Солардың нәтижесінде тарих ғылымында бұған дейін қолданылмаған: «Түрік мемлекеті», «түрік халқы», «түрік өркениеті», «түрік жазуы» деген тәрізді жаңа ұғымдар пайда болды. Бұған дейін шығыстағы көшкінші халықтардың бәрі «моңғолтектестер» деген ортақ бір ғана атаумен аталып келсе, енді оны «түрік-моңғол халықтары» деген жаңадан пайда болған атау алмастырды.

Алайда, осындай өзгерістерге қарамастан, тарихи санасы еуропалық таным-түсінік негізінде қалыптасқан зерттеушілердің қай-қайсысы да түрік халықтарының төл болмысын танып, олардың қайдан пайда болғанын саралап, түбегейлі зерттеуді мақсат етпеді. Көшкінші халықтарды «жабайылар» деп есептейтін ғылымда орныққан тұжырымның тар шеңберінен шыға алмаған олар бар болғаны ортағасырда бірін бірі ауыстырып, Қытайды билеген Вей, Сүй, Жыу, Таң әулеттерінің тарихында жазылған түріктерге қатысты мағлұматтарды ғана зерттеу өзегіне айналдырып, соларды талдаумен ғана шектелді. Солардың негізінде ғылыми тұжырымдар жасалды. Соның салдарынан түрік халықтары «христиан эрасынан кейінгі VI ғасырда Алтайда пайда болған жас халық» ретінде танылып, солай ғылымға енді.

Былай қарағанда, бұған дейін әлем тарихында аты еш жерде кездеспеген белгісіз халықтың тарихын олар жөнінде алғаш мәлімет беріп отырған жалғыз дереккөзі - қытай жылнамалары болған соң, олардың бастау тарихын осы жылнамаларда көрсетілген кезеңнен бастаудың ешбір ағаттығы жоқ та сияқты. «Түрік» деп аталған белгісіз халықтың кім екенін, бұған дейін қайда болғанын, қандай тарихи-әлеуметтік жағдайларды бастан кешкенін айғақтар нақты басқа жазба деректер болмаған соң, сөйтпегенде не істейді деуге уәж бар.

Бірақ, солай дей тұрғанмен, яғни нақты дерек болмағанымен, әлгі «түрік» аталған халықтың қытай жылнамаларында көрсетілген кезеңде ғайыптан пайда болмағаны, көктен аяғы салбырап түсе

қалмағаны, жерден қаулап өнбегені, олардың ата-бабаларының бұған дейін де өмір сүріп келгені ешқандай дерекпен айғақтауды қажет етпейтін шындық қой. Ендеше осы Түрік қағанатын құрғандардың ата-бабалары кімдер, олар бұған дейін қайда болған, қалай аталған?

Адамзат баласының жаратылғанынан бергі кезеңдер жөніндегі халықтардың жадында сақталып қалған ежелгі аңыздар дерегі мен генетика ғылымының соңғы жетістігі - ДНК тәсілімен анықталған зерттеулер мәліметтерінің бір-бірімен дәл келіп, қазіргі жер бетіндегі жұмыр басты, екі аяқты пенделердің бәрі: «Адам-Ата мен Хауа-Ананың ұрпағы» деп танылып жатқанда, түріктестес халықтардың да бұл үдерістен тысқары қалмайтыны, олардың түптегінің де сол ортақ бастаудан тамыр тартып, өркен жайғаны нақты айғақ болмағанымен, саналы зерде мойындар шындық емес пе?!

Мәселеге осы тұрғыдан келгенде, біздің пайымдауымызша, бұған қазіргі қалыптасқан гадетпен архив ақтарып, көне жазба деректерден айғақ іздеп азаптанудың да қажеті шамалы ма дейміз. Өйткені ондай айғақ беретін жазба дерек жоқ, оны қанша іздегеніңмен, еш жерден табылмайды. Мұндайда, шынтуайтқа келгенде, кез келген халықтың бастау қайнарынан хабар берер жалғыз дереккөзі - сол халықтың өзінің төл тілі, сол тілі арқылы жеткен аңыз-әңгімелері ғана болмақ. «Ауызша тарих» деп жүргеніміздің өзі де түптеп келгенде осылар. Өр халықтың өз тілі – сол халықтың өзімен бірге жасасып келе жатқан, бүкіл ғұмырының куәгері, дүниетанымының айғағы. «Тіл тарихы – халық тарихы» дейтініміз де содан. Жазба дерекке түспеген дерек тілде сақталған. Сол сақталған деректерді тап басып тану үшін тарих зерттеушісінің әр сөздің түпкі тегін, ішкі мәні мен тарихи мазмұнын тұшына түйсінер қабылетке ие болғаны абзал. Біздің де «түріктестес халықтардың тарихы қазіргі тарих ғылымында қалыптасқандай: х.э. кейінгі VI ғасырдан басталмайды. Олар да ежелгі көне халықтардың бірі» деген тұжырымға келудегі негізгі тіренішіміз - осы түрік халықтарының өз тілі, сол тілі арқылы жеткен ауызша тарихы.

Осындай оймен көненің көнесі - әлем халықтарының мифологиясына, яғни миф деректеріне үңілгенде, біздің бір байқағанымыз, адамзат жаратылысының бастауында тұрған түпкі Атамыз бен Анамыздың есімдерінің өзі түрік тілінен алынған секілді. Бұл арада, тіпті, Адам-Ата мен Хауа-Ананың өзі түріктілдес болған демеген күннің өзінде, осылар туралы бүгінге жеткен аңыздарды алғаш өмірге әкелушілердің түріктестес халықтардың өкілдері болуы

мүмкіндігін алға шығаруға негіз бар екені анық. Бұл ретте әлем халықтарының арасында түріктестес халықтардан басқа бір де біреуінің қазіргі таңда адамзат баласын, яғни Адам-Ата мен Хауа-Ананың кейінгі тараған ұрпағын «адам» деп атамайтыны да біраз жайды аңғартқандай. Өзге халықтардың бәрінде басқаша, өздерінше атайды. Мысалы: «адам» дегенді латындар «хомо», гректер «энос», қытайлар: «жін» (*жэнь*), арабтар мен парсылар «инсан», орыстар «человек», немістер «ман», моңғолдар «ғұн» және т.б. осылай кете береді. Тек түріктер ғана адамзат баласын бұрынғысынша қазір де «адам» дейді. Бұл кездейсоқтық па, әлде мұның тарихи негізі бар ма?!

Сондай-ақ бүкіл адамзат баласының түпанасы «Хауаның» есімінің де түріктік ұғымды білдіретіндігі кәдімгідей ойласуды қажет ететін сияқты. Иудейдің, христианның және мұсылманның діни мифологиясы мен кейбір халықтардың ежелгі аңыздарының дерегі бойынша: Құдай Адамды топырақтан (*кей нұсқада: «тозаңнан»*. Қ.С.) жасап, үрлеп дем салып, жан бітірген. Содан кейін Жаратушы төл жаратылымының дара жүріп жалғызсырамауы үшін оны қалың ұйықыға ендіріп, оның қабырғасынан Адамның өзіне өмірлік серіктікке әйелді жаратқан. Осы өмірлік серігіне есімді Адамның өзі берген. Бұл жөнінде Мифологиялық Сөздікте діни кітаптан алынған: «И нарек Адам имя жене своей: Ева, ибо она стала матерью всех живущих» [16, 205], - деген дәйек келтіріледі. Мұндағы «Ева» сөзінің төркінін мифтанушы ғалымдар Адам мен Еваны азғырып, тиым салынған жемісті жегізген арбаушы жыланмен байланыстырады. «Адамды азғырып жемісті жегізген жылан бейнесіне енген оның әйелінің өзі» деген емеурін танытады. Қазіргі ғылыми этимологияда Еваның есімін арамейдің «Хевья» және финикияның «жылан» деген ұғымды білдіретін «Хвт» сөздерімен негіздестіреді. Бірақ сөзге этимологиялық талдау жасалмайды. Тек болжам ретінде ғана айтылады.

Біз де өз тарапымыздан сондай болжамға ерік берсек, біздің пайымдауымызша, бұл ежелгі түріктің «ауа» (*«воздух»*) деген сөзі секілді. Жаратылғалы өзі тектес ешкімді көрмеген Адам атамыз қалың ұйықдан оянғанда қасында ғайыптан пайда болған Анамызды көріп, «ауадан пайда болды» деп ойлап, таңғалып «Ауа» деп дауыстаған болар. Содан барып түпанамыз «Ауа» атылып кетті ме екен деген жорамал ойға оралады. Жаратушының үрлеп, дем салып, жан бітіретіні - жоқтан бар жасаудағы топырақтан кейінгі екінші дүние (*ауа*) екені тағы бар. Ал кейінгі діни кітаптар арқылы жеткен «ева»

(«хева», «еуа»), «хауа» атаулары осы «ауаның» өзге тілде өзгеріске түскен нұсқалары ғана болса керек. Кейбір семиттілдестердің дауысты дыбыстан басталатын сөздің алдына көмейлік «х». «ғ» дыбыстарын қосып, мысалы, арамды «харам», әділді «ғаділ» деп беретіні сияқты кейін «Ауа» да арабша «Хауаға» айналып кеткен тәрізді.

Біздің бұл болжамымыздың негізсіз еместігін Адам-Ата мен Хауа-Ананың жұмақтан қуылуына себепкер болған, жеуге тиым салынған жемістің түрік тілінде «алма» (*«яблоко»*) аталуы да айғақтай түседі деп ойлаймыз. Өйткені біз білетін арғы-бергі түрік халықтарының қай-қайсысы да не нәрсеге болсын ат бергенде, сол берген аты әлгі нәрсенің не жаратылыс болмыс-бітімін, не түр-түсін, не өзгеден ерекше қасиетін дәл көрсетіп, мән-мағынасын ашып тұрады. Ешқашанда аталмыш затқа қатыссыз, неге олай аталғанын түсінуге болмайтын мағынасыз ат берген емес. Мұны кез келген түрік тілінің маманы растай алады.

Міне, сондай халықтың көп жемістің ішінен ағаш басында өсетін, дәмі тіл үйірерлік тәтті, түрі көз сүйсіндірер көрікті осы бір тамаша жемісті өзгелерден бөле-жара өздерінің дүниетанымына үш қайнаса сорпасы қосылмайтын «алма» («не бери», «не трогай») деп, тиым салатын сөзбен атауын қай қисынға сыйғызуға болады?. Олай атау үшін нақты бір себеп керек қой. Біздің ойымызша, оған жалғыз себеп - діни кітаптарда айтылатын, әлгі жұмақта жайқалып өсіп тұрған, жеген жанға қайрымдылық пен зұлымдықтың не екенін танытып, көкірек көзін ашатын жемісті Құдайдың Адам-Ата мен Хауа-Анаға «жеуге болмайды» деп тиым салуы, дәлірегі осы аңызды алғаш өмірге келтірген халықтың өкілінің осындай таным-түсінікте болуы ғана. Ең ғажабы, түріктекес халықтардың бүгінгі ұрпақтары осы тиым салынған киелі жемісті қазір де «алма» деп атайды.

Осы орайда аңыз дерегін өмір шындығымен орайластыра ой түйсек, түріктекес халықтардың арғы түп аталары бұл жемістің өзін танып-білуден бұрын Құдайдың Адам-Ата мен Хауа-Ананы жаратқаны және оларға «қайрымдылық пен зұлымдық» ағашының жемісін жеуге тиым салғаны жөніндегі мифтік аңызды жақсы білген деген тұжырым жасауға толық негіз бар. Мұның бәрі, сайып келгенде, әлем халықтарының мифтік аңыздарының деректерінен арғыататүріктердің (прототюрктердің) ізін табуға болады деген ішкі түйсігіңе қуат беріп, сенімді артыра түседі.

Осындай сеніммен, мифология деректеріне ден қойып, оларды зерде елегінен өткізсек, адамзат баласының көп құдайларды ойлап тапқанға дейін жердегі болатын бар құбылысты тудырушы Ай мен Күн деп түсініп, соларға табынғанын бірден аңғаруға болды. Бұған, басқаны айтпағанда, «Әлем халықтарының мифтері» атты энциклопедиялық екі томдықта берілген «Лунарные мифы» және «Солярные мифы» деп аталатын топтамаларды оқыған кез келген адам көз жеткізе алады. Ай мен Күнге табыну, әсіресе, матриархаттың үстемдігі кезеңінде кеңірек етек жайған секілді. Сол кездің түсінігіне орай ас халқының ел билеушілері өзгелерден ерекшеленіп, өздерін күннен жаралған «Күн тегі» («Сыновья Солнца») деп жариялап, қарапайым халықтың көзіне әрі патша, әрі құдай болып көрінуге тырысып баққан. Қазір көптеген мифтанушылар Ра-ны Күн-Құдайдың аты ретінде атайды. Шын мәнінде: Күн - Жаратушының символы, ал Ра - Күннің символы. Күн - Жаратушының символы болғандықтан да оны, мысалы, майяларда, инктерде, үнділерде, халдейлерде, вавилондықтарда, ассириялықтарда, египеттіктерде және басқа халықтарда құдайлардың жиынтық атауы ретінде қолданған. Мысалы, елуымыңжылдық тарихы бар Му континентіндегілер үшін Ра осындай жиынтық ұғымға ие.

«Күн тегілерден» әлеуметтік мәртебесі бір саты төмен абыздар (*жрецтер*) көктің күннен кейінгі сәулелі жарығы - Айды «еншілеп», өздерін «Айдың бауырлары», яғни «Айдың ағасы мен інісі» («Младшие и старшие братья Луны») деп жариялаған. Мұндай түсініктің болғандығы көптеген халықтардың мифтік аңыз-әңгімелерінің дерегінен айқын аңғарылады.

Ізденіс жолында өзіндік айқын бағыты бар жас зерттеуші А. Айзахметовтың осыған қатысты түрік халықтарының дүниетанымымен, наным-түсінігімен тамырласып жатқан венгр халқының мифологиясы дерегіне негіздей айтылған: «В мифологических представлениях этого народа (*венгерского. К.С.*) архаическая идея мирового дерева была изначально такой же, как и в тюркской мифологии и, несмотря на доминирующее положение среди этого народа христианской мифологии, она такой же и сохранилась. По данным венгерских народных поверий это огромное дерево с семью ветвями, соединяющим земной мир с небом. Из подножья дерева бьет источник жизни. На верхней ветви дерева находится **Дом Солнца и его Матери**, а чуть ниже - **Дом Луны и его Матери**» [2, 99], - деген жолдар да осыны құптай түседі. Мұндағы «Өмір

ағашының» («*Ғалам ағашының*») ең жоғарғы бұтақтарына «Күн Үйі» мен «Ай Үйін» сатылай орналастырған миф дерегінің әр үйдің иесі етіп олардың Аталарын атамай, тек Аналарын айырықша атап, қоса көрсетуі - бұл аңыздың матриархат дәуірінің мұрасы екенін айғақтайды. Мұндағы «Күн Үйі» («Дом Солнца») мен «Ай Үйі» («Дом Луны») қазіргі түсінікпен айтсақ: «Күн мемлекеті», «Ай мемлекеті» дегенмен тең. Бұл, былайша айтқанда, тарихтан хабары бар қауымға кеңінен таныс қытай жылнамаларының Н.Я.Бичурин аудармасында кеңінен қолданылған «Дом Хань» (Хань үйі), «Дом Хунну» (Хунну үйі) деген тәрізді атаулардың мағынасымен бірдей.

Осы орайда, сөз ретіне қарай, түріктестердің ежелгі африкалық ата-бабаларының Күн мен Айға табынғанына қазіргі қазақ тілінде қолданыста жүрген «рас», «рай» деген сөздер де куәлік беретінін айта кетуге болады. «Рас» сөзі күн символының аты «Ра» - ас халқының атауымен (*Pa+Ac*) бірігіп, «астың құдайындай шын» дегенді, ал «рай» көне дастандардағы аруларды «ай мен күндей» деп суреттегендегі теңеудің көне баламасы (*«Pa+Ай»*). «Рай» сөзі қазір де сол «кескін», «келбет», «түр», «бет» ретінде қолданылады. Мысалы: «ауа райы», «жер райы» немесе «отағасы райынан қайтар емес» және т.б.

Мифология деректеріне қарағанда, ұзаққа созылған матриархаттық дәуір барысында жоғарыда айтылған «Күн тегілерінің» ұрпағы мен олар басқарған жұрттан тараған ұрпақтардан - «Ас»<sup>1</sup>, ал «Ай бауырларының» ұрпағы мен олар басшылық еткен жұрттан тарағандардан - «Мән» (*«Ман»*)<sup>2</sup> деп аталатын

---

<sup>1</sup> Ас – бұл халықтық атаудың не сөздік, не атулық мағынасы «Мифологиялық Сөздікте» түсіндірілмеген. Түрік халықтарының тілінде “ас” сөзі «мәртебелі», «киелі», «жоғары» деген ұғымдарды білдіреді. Қазіргі қазақ тілінің қорындағы: «аспан», «ас-у», «ас-қар», «ас-қақ», «ас-а» тәріздес толып жатқан сөздер осы «ас» сөзінің негізінде жасалған. Мұның бәрі сол бір есте жоқ ескі замандағы халықтың (*тайпалар бірлестігінің*) атауының ежелгі түріктердің сөзі екеніне куәлік беріп тұрғандай.

<sup>2</sup> Мән - бұл халықтық атаудың да не сөздік, не атулық мағынасы «Мифологиялық Сөздікте» түсіндірілмеген. Қазіргі қазақ тілінде «мән» сөзі айтылған сөздің, атқарылған істің «түйіні», «негізі», «маңызы», «өзегі» деген ұғымды білдіреді. Қытай мифологиясында «ман» айдаһардың атын, ал еуропа халықтарының кейбірінде «ман» сөзі «кісі», «адам» деген ұғымда қолданылады. Бұлардың да негізіне үңіліп, салыстыра зерттесе, әуелгі «мәнмен» тамырлас екенін тануға болады деп ойлаймыз.

халықтар<sup>1</sup> қалыптасқан сыңайлы. Мұның бәрі матриархат дәуірі адамдарының наным-сенімінің «жемісі». Олар Айды «аталық», Күнді «аналық» деп танып, соған орай әлеуметтік мәртебесіне сай Ай мен Күнді бөлісіп: патшалар тұқымы Күнді, абыздар тұқымы Айды өздеріне еншілеп алу арқылы «Күн үйі», «Ай үйі» деп аталды деген мифология деректерін алға тартқанымызбен, әуелде мұндай жіктелу болмаған секілді. Өйткені бұлардың бәрі Күн мен Айды құдай санаған бір халықтың өкілдері, бір мемлекеттің билеушілері. «Күн тегілер» сол мемлекеттің билеуші патшасы, «Ай бауырлары» сол мемлекеттің халқының рухани жетекшісі, дін басысы болып, бірін-бірі қолдап, бірін-бірі толықтырып өмір сүрген бір иеліктің тұрғындары. Нақтырақ айтқанда бәрі «Ас» аталған халықтың адамдары. Мұндағы «ас халқы» дегенді, миф деректерінде ашып айтылмағанымен, алғаш бір орталық билікке бағынып, ұжымдасқан жұрт деп қабылдаған жөн. «Мән» (ман) деп аталатын халықтар кейін осы ас халқынан бөлінген. Мән елінің шаңырағын көтерген абыздардың өздерін «Айдың бауырлары» деп атандырулары да, шамасы, осы бөлінгеннен кейін болған тәрізді. Оған дейін зерттеуші А. Айзахметов әділ көрсеткеніндей: «маны-жрецы прислуживали им (патшаламға. Қ.С) отправляя культовые обряды, связанные с жертвоприношениями» [2, 99]. Бүгінгі тарихқа әр түрлі атаулармен белгілі болған сан алауан халықтардың бәрі кейін осы астардан тарап, жершарының әр түкпірінде өз өркениеті, өз мәдениеті бар жеке-жеке түрлі елдерге айналған болса керек. Ас атауының бұл күнде тұтас бір құрылықтың атын иеленіп, «Азия» (*Асуя, ягни астың мекені*) деп аталуы да айтылған ойды бекіте түседі.

Қалай болғанда да, астардың ең көне халықтардың бірі екеніне дау жоқ. Оның солай екенін Ас атауының мифология деректерінде құдайдың аты ретінде берілетіні де расқа шығарып тұрғандай. Мысалы, ерте заманда Скандинавия түбегіне барғандардың Один бастаған көп құдайларының әкесінің аты - Ас. Сондай-ақ адамзат өркениетінің алғашқы ошақтарының бірі саналатын Крит аралындағы ғибадатхананың аты да «Күн-ас» (*Кносс*) деп аталады. Оны өздерін «Күн тегі» атандырған күнге табынушылардың билеушілері салдырған болатын. Мифология дерегінде оны «Құдай ананың» құрметіне салынған делінеді. «Құдай ананы» кей зерттеушілер, мысалы,

---

<sup>1</sup> Бұл арада жалпы ескеретін бір жай мифология деректері арқылы белгілі жұрттың қай-қайсысын да «халықтар» деуіміз шартты ұғым, олардың тайпа не тайпалар бірлестігі болуы да бек мүмкін. Қ.С.

А. Айзахметов, «Ас-Ана» деп те атайды. Сол секілді ауызша тарихтың шежірелік таратымында көптеген халықтар өздерінің түпата тегін Ас тайпалар бірлестігінен шығарып жатады. Мысалы, IX ғасырдың тарихшысы Нений өзінің «Британ тарихында» бриттердің аталарының арғы тегі Ас бірлестігіне қарасты Алан тайпасынан шыққанын ашып жазады. Ал «Ас» атауы қосылу арқылы жасалған ел аттары мен өздерін солардан тараған халықпыз деп есептейтіндер өз алдына бір төбе.

Миф деректері бойынша осы Астардың да, Мәндердің де, басқаша айтқанда, өздерін «Күн тегі», «Ай бауырлары» деп атаушылардың түпкі тегі ескі заманда Пелопоннес түбегін мекендеген пеласгилерден бастау алады. Бұл көне халық жөнінде бағзы заманның өз есімімен тарихқа алғаш танылған ежелгі грек ақыны Гесиод (*х.э. дейінгі VIII – VII ғғ.*) өзінің құдайлар шежіресі жөніндегі «Теогония» атты еңбегінде «жер бетінде пеласгилер пайда болғанда аспанда Ай әлі жоқ болатын» [3], - дегенді айтады. Осыған қарап, кезінде Гесиодқа осындай ойды айтқызып отырған түсініктің заманында Айға табынушылардың астарды «Аха Ай» (*қазіргіше: «Айдың ағасы»*), ал мәндерді (*мандарды*) «Іні Ай» (*қазіргіше: «Айдың інісі»*) деп тануына да ықпал еткенін пайымдау зерттеушіге онша қиындық туғызбайды. Осындағы «іні ай» аталғандар өсіп-өніп кейін жеке халыққа айналғанда осылардың ішінде тек бірыңғай культтық жораларды атқарумен айналысатын абыздарды ерекшелеп «Іні Ай Ман» (*«Наймане»*) деп атаған.

Бұлардың бұлай аталуына, шамасы, мынандай жағдай себеп болса керек. Жоғарыда айтқандай, әуелде дінбасы мән-абыздар (*ман-жрең*) «Ай бауырлары» аталғанымен, кейін олар көбейіп тұтас халыққа айналғанда оның құрамына басқа жұрттар да кіріп, бәрі бірдей «ман» аталып кеткендіктен, бұрынғы дінбасы мән-абыздардың ұрпақтары басқалардан ерекшелену үшін өздерін осылай атаған тәрізді. (*Бұл түрік халықтарының арасында кейін ислам дінін таратушылардың «қожа» деп аталғаны секілді. Қ.С.*). Осыдан келіп тарихқа белгілі «найман» («Іні-Ай-Ман») халықтық атауы шыққан. Мұның солай екеніне кейін ман халықтары қоныс аударып, қазіргі Каспий теңізінің оңтүстік шығыс аймағына келіп қоныстанғанда сондағы бір өңірдің тұтастай абыз-әулиелер мекені аталуы да куәлік беретіндей. Абыз-әулиелер мекені болған сол өңір - бұл күнде қазіргі Қазақстанның Манқыстау облысының аймағын қамтиды. Маңғыстаулықтар бұл өңірді осы күнге дейін «362 әулиенің мекені»

деп атайды. Бірақ ол әулиелердің кімдер екенін бұл өңірде ешкім де білмейді. Білетіндері: олардың «пәлен ата», «түген ата» деп атап кеткен кейбірінің аттары және Қожа Ахмет Яссауидің шәкірттері ғана. Тағы бір қызығы - жершарының басқа аймағынан осыншама әулиенің мекені болды дейтін бір өңірдің де кездеспейтіндігі. Бұл да білімді жанға біраз жайдан хабар беретіндей мәселе.

Осының бәрі көңілге «Іні-Ай-Ман» (найман) атауының заманында шын мәнінде әулие-абыздарға берілген атау екеніне деген сенімді ұялатса, түріктестес халықтардың арасында қазіргі қазақ халқының құрамындағы қалың найманның іргелі екі тайпасының біреуінің – «Бағаналы», екіншісінің – «Балталы» аталатыны да бұл сенімді одан әрі бекіте түседі. Өйткені осы «Іні-Ай-Ман» (найман) аталған абыздардың сонау есте жоқ ескі заманда-ақ құдайға арнап құрбандық шалғандағы пайдаланған киелі символдық құралдары: «Баған» мен екі жақты жүзі бар «Балта» болған. Сол замандағы халықтардың бұл екеуінен басқасында құдайға құрбандық шалғанда «баған» мен «балтаны» символдық деңгейде пайдаланғаны жөнінде ешқандай дерек кездеспейді.

Осы арада және басын ашып, нақтылай кететін бір мәселе бар. Ол – жоғарыда айтылған «аха+ай» атауына байланысты. Бұл атау, қалай дегенде де, басында Айға табынушылардың, яғни өздерін «Айдың бауырларымыз» деушілердің наным-сенімі, таным-түсінігі негізінде пайда болған атау екені анық. Басқаныны айтпағанда, атаудың «аха» (*aga*) мен «ай» сөздерінің бірігуінен жасалуының өзі мұның солай екенін айғақтап тұр. Сондықтан, бұл арада, Айды құдай тұтушылардың күнге табынушыларды, яғни «Күн тегілерді» «Аха Ай» деп атай қоюы екіталай. Оған ешқандай негіз жоқ. Дұрысында, біздің пайымдауымызша, бұл атау негізінде «Күн тегі» ұрпақтарына, яғни ас халқына берілген ат емес. Бұл әуелден тек мәндерге (*мандарға*) берілген атау. Сондай ахалардан шыққан ел билеушілердің «ахаман» («агаман», «ақаман») деп аталуы және кейін түріктестестер арасында «ахаманның» лауазымның атына айналуы да айтылған ойды растай түседі.

Ал «аха», «ахай» атауларының «Күн тегілерге», яғни астарға ауысы мынандай себептен болса керек. Аталықтан аналықтың мәртебесі жоғары матриархаттық дәуірде мұрагерлік дәстүрмен жалғасатын билік тізгіні қашанда патшаның ұлына емес, тек қызына, қызы болмаса қарындасына тиетін болғаны белгілі. Осыған байланысты кейін патшаның қызына болмаса қарындасына

үйленген абыздар да кейде билік тізгініне қол жеткізіп, өздерін әрі патша, әрі құдай деп танытып, «Күн тегіне» айналған кездері де болған. Сол заманның сондай бір билеушісінің тегі жайында сөз болғанда кейінгі мифтанушы ғалымдардың біреулерінің оны «Күн тегінен», екіншісінің «Ай бауырларынан» шығарып, шатыстырып жататыныны да осыдан болса керек. Осыған орай Астардан бөлініп шығып, «мән» (ман) деген атауға ие болған халықтардың жеке ел болуларының бастауында да астарға патшалық еткен осы абыздардың (*жреуцтердің*) тұқымы тұрғанын аңғару онша қиындық туғызбайды. Басқаша айтқанда, бұлар астарды билеген мандар, яғни ас патшасының күйеу баласы болу арқылы билікке қол жеткізген әулие-абыздардың ұрпақтары (*Жоғарғы және төменгі Египт патшалығын тұңғыш біріктіруші патшаның есімінің Ман (Мин) аталатыны және оның тегінің мандардан шыққанын еске алыңыз. Қ.С.*). Салыстырмалы түрде айтсақ, бұл да кешегі Алтын Орда заманында түрік халықтарын билеген моңғол Шыңғыс ханның ұрпағының қазақтарды билегенінің «қазақ», өзбекті билегенінің «өзбек» болып аталып кететіні секілді астарды билеген мандар да «ас» аталып кеткен. Мифологиялық ресми жинақтардағы «Аха Ай» атауының естілуіне қарай «аха», «ахай» деп жазылып жүгені белгілі. Кей зерттеушілер осыған қарап «ахай» атауын ахалардың мекенінің аты деп те көрсететіні бар. Бірақ бұл, біздің пайымдауымызша, «Аха», «Аха Ай» деген халықтық атаудың (*этнонимнің*) мәнін дұрыс білмегендіктен айтылған жаңсақ пікір. Өйткені «аха», «ахай» аталғандардың мекені тарихта «ахайя» (*«ахай-ай-ұя» - ахайлардың мекені*) деп атап көрсетілген. Өкінішке қарай, бұл топонимнің этимологиясы да еш жерде ғалымдар тарапынан ғылыми түрде талданбай келеді.

Бізге жеткен мифтік аңыздардың қай-қайсынан болсын тым көне заманның алғашқы адамдарының Ай мен Күнге табынып, Айды аталық ретінде қабылдағандықтарынан ба, әйтеуір олардың еркектік қасиеттердің бәрін Айға тели бергенін көруге болады. Соған орай ежелгі халықтардың барлығының дерлік арасында әйелдердің етеккірінің келуін де, олардың өмірге перзент әкелуін де Ай реттеп отырады деген наным кеңінен тараған. Мысалы, Муррей аралындағылар Айды қуатты жас жігіттің бейнесінде танып, әйелдердің етеккірінің келуін әлгі Жігіт-Айдың оларды зорлағанынан болады деп білген. Ал маорилер болса, барлық әйелдердің шын мәніндегі нағыз күйеуі «Ай» деп есептеген. Көнегректер қоғамының тарихы мен мәдениетін арнайы зерттеген ғалым Джордж Томсон бұл

ретте: «Женщины зачинают от Луны. В связи с этим в примитивных языках о луне обычно говорят как о существа мужского пола – Владыке женщин... В Анатолии продолжалась поклонение луне образе мужчины, которого греки называли **Меном**» [4, 208], - дей келіп, өз ойын былайша қорытындылайды: «Представления о луне как об источнике плодородия было расширено путем объективного истолкования действительных лунных явлений. Луна прибывает и убывает, увеличивается и уменьшается и вновь нарождается. Она становится универсальным символом возрождения жизни... На основании этих предпосылок, можно считать, что причиной беременности также должна считаться луна [4, 209].

Мифологтар Айды еркек бейнесінде қабылдаудың ежелгі адамдардың нақты өмірінде болғанын, кейін оның әйелдер культына айналғанын айтады және оған Мегарадан Пелопоннеске бара жатқан жолдағы «Келей» (*Келай*) деп аталатын елді мекеннің Айға табынған әйелдерінің жасаған діни жораларын айғақ ретінде алға тартады. Келейдің әйелдері айына бір рет түнде үлкен жолдың қиылысына шығып, қолдарын Айға қарата жайып, «кел-ай», «кел-омай» (*kelomai*) деп, улап-шулап, зар еңіреп жалбарынады екен. Мұны мифтанушылар «жергілікті әйелдердің культі» деп түсіндіреді. Профессор Джорж Томсон жоғарыдағы аталған еңбегінде: «Этот обычай распространен во всем мире» [4, 127], - дей келіп, «келей» сөзінің сөзбе-сөз аудармасы «еңіреген әйелдер» (*«вопящие женщины»*) деген Алесийдің болжамын келтіру арқылы оны құптауының аңғартады. Ал «Мифы народов мира» энциклопедиясының авторы бұған керісінше, «келей» Элевсин патшасының есімі [5, 633] - дейді. Дж. Томсон болса, өз тарапынан «Келей» елді мекенінің атауы патшаның есімінен алынған дегендей емеурін танытады [4, 127].

Алайда мифология деректерін байыптай зерделеген жанның бұл пайымдаулардың қай-қайсысымен болса да, келісе қоюы қиын. Себебі мұның ешқайсы да «келей» сөзінің төркінін (*этимологиясын*) нақты біліп, жан-жақты талдау арқылы анықталған тұжырым емес. Ондай талдау жоқ. Мысалы, Алесийдің «келейдің» аудармасы «еңіреген әйелдер» деуі сөздің шыққан төркінін танып, мағынасын ашып, талдау жасау арқылы анықталған тұжырым емес, мифтегі оқиғаның, яғни Айға табынып, соған қол жайып, жылап-еңіреп тілек тілеген әйелдердің әрекетіне қарап жасалынған сырт болжам. Өйткені ол «келей» сөзінің қай халықтың тілдік мұрасы екенін де және соған байланысты не мағына беретінін де білмейді. Білсе, «келей» мына

халықтың сөзі, оның мына тілдегі аудармасы «еңірегген әйелдер» деп атап, ашып көрсеткен болар еді. Бірақ ол жоқ. Сол секілді «келей» атауын Элевсин патшасының есімінен шығаруды да барлы-жоғы сөз ұқсастығы негізінде айтылған топшылау ғана деп білеміз.

Бұл арада мәселенің түйіні – басқада, жоғарыда айтылған профессор Дж. Томсонның: «Этот обычай распространен во всем мире» деген дерегінде, нақтырақ айтсақ, Айға алақан жайып, зарлап жылап, жалынған әйелдердің: «келей», «келомай» дегендерінде. Елді мекеннің атауының да, Элевсин патшасының есімінің де шыққан қайнар көзі осы - діни жораның атауы «келей» (*кел+ай*)! Сондықтан, бұл орайда, мәселенің дұрыс шешімін табу үшін, ең алдымен, осы «келей» сөзінің қай халықтың тілінің мұрасы екенін, не мағына білдіретінін саралап анықтау қажет.

«Жергілікті әйелдердің культі» делінген бұл діни ритуалды, біздің пайымдауымызша, Айға табынған халықтардың әйелдерінің барлығы бірдей жасамаған тәрізді. Түнде жол қиылысына барып, Айға алақан жайып: «келей», «келомай» деп зарлап жылайтындар, тек бала көтере алмай жүрген әйелдер тобы ғана болса керек. Миф деректерінің оларды зарлап жылап тұрып «кел, ай», «кел, омай» деп дауыстайтынына ерекше мән беруі және басқа діни ритуалдардың бір де біреуінде не құдайға, не басқа біреуге топтасып жалынып, зарлап жылау рәсімінің кездеспейтіні де, сондай-ақ әлгі әйелдердің түн ішінде жол қиылысына барып, зар еңіреп Айды шақырып, жалынып: «кел-ай», «кел-омай» дейтін сөздерінің сөздік мағынасының да, дыбысталу үндестігінің де түріктік ұғымды еш өзгеріссіз, бұрмалаусыз дәл беретіндігі де осындай ойға жетелейді.

Зерделеп көріңіз: «**Кел-ай**» = түріктің «**кел**» (*приди*) және «**ай**» (*луна*) деген екі сөзінен құралған. Бұл сөздер жеке-жеке алғанда да, біріккен түрінде де түрік халықтарының тілінде қазір де сол баяғы мағынасында қолданылады. Сол секілді «**Кел – омай**» (*кел-ұма- ай*) да түріктің «**кел**» (*приди*), **ұма** (*еркектің ені, генителии*) және «**ай**» (*луна*) деген үш сөзінің бірігуінен құралған. Бұл сөздер де жеке-жеке алғанда да, біріккен түрінде де түрік халықтарының тілінде сол баяғы мағынасында қолданылады. Тек «ұма-ай» ұғымы кейінгі заман халықтарының таным-түсінігінде Ай еркектік бейнеден аналық бейнеге ауысуына қарай «ұма-ай» сөзіне «ана», «ене» деген сөздер тіркесітіріліп айтылатын болған. Мысалы, ортағасырлық түріктердің «ұмай» демей, оны «Ұмай-Ана», «Ұмай-Ене» деп атайтындары сондықтан. Қалай болғанда да, «келей» да, «келұмай» да мағыналық

тұрғыдан алғанда Айды шақырғанды, оған «кел» деп жалынғанды білдіретін сөздер екені анық. Олай болса, «Айды «еркек» деп танитын және баланың бойға бітуін реттейтін сол» деген наным-сенімдегі ескі заман әйелдерінің түн ішінде тобымен жол қиылысына барып, Айды шақырып, зарлап жылауларына қарап, біздің жоғарыда айтқанымыздай, оларды «бала көтере алмай жүрген әйелдер болуы мүмкін» деген тұжырымға келуіміздің шындыққа шет емес екенін көрсетеді. Оны әйелдердің Айды үйінде не басқа жерде емес, түн ішінде тек жол қиылысына шығып шақыратындары да, Келей елдімекенінің тоғыз жолдың түйіскен торабында болуы да құптай түседі. Өйткені шақырылған Ай келсе, тек жолмен ғана келмек.

Мұның бәрі сайып келгенде, Айға табынушы «ман» деп аталған халықтардың түріктестес халықтардан екенін және олардың сонау есте жоқ ескі замандардан бар халық екенін айқындай түседі. Қазіргі түріктестес халықтардың, оның ішінде қазақтың күні кешеге дейін жаңа туған айға қарап, алақанын жайып: «Ай көрдім, аман көрдім. Баяғыдай заман көрдім. Ескі Ай есіркедің, жаңа Ай жарылқай гөр» деп тілейтіні сол ежелгі ескі наным-сенімнің санада сақталып қалған сарқыншағы болса керек.

Ежелгі түріктердің «құт» және «ай» деген екі сөзінің бірігуінен пайда болған «Құдай» (*құт-ай*) ұғымын да өмірге әкелген осы Айға табынушылар деп білеміз. Бұл ретте, жоғарыда, айға табынушылардың билеушілері өздерін «Айдың бауырларымыз» деп атап, қарамағындағы жұртқа әрі патша, әрі құдай болып көрінуге ұмтылғанын айтқанбыз. Міне, осылардың ықпалымен есте жоқ ескі заманның адамдары «құдай» сөзінің мәнін ретіне қарай «патша» деп те, «құдай» деп те қабылдайтын болған тәрізді. Оның солай екенін тым көне замандағы парсы патшасы Гайя Маретаннан (*Гаюмарттан*) бастап, Хосровқа (*628 жылы өлген*) дейінгі патшалардың жылнамасын көне пехлевий тілінде жазған Данишвердің өз еңбегін «Ходай-наме» (*книга о государах*) деп атауы да дәлелдеп тұрғандай. Патшаны «құдай» деп қабылдайтын түсінік болмаса, өз заманының даналарының бірі – Данишвер патшалар туралы жылнамасын «Ходайнаме» деп атамас еді ғой. Ал осы еңбектің негізінде патшалар өмірін жазған Әбу-л-Қасим Фирдауси болса, өзінің әлемге әйгілі шығармасын «Шах-наме» (*книга о царях*) деп атағаны баршаға белгілі [6, 213-214]. Сол секілді кешегі қайғы көріп, қан жұтқан қиын заманда жаны күйзелген қарт аналардың не Алланы, не Тәңірді аузына алмай, тек Құдайды қарғап, «қу құдай», «соқыр құдай» деп зарлағанына сұрапыл соғыс жылдары бала

кезімізде өзіміз де талай куә болдық. Бұл да олардың Айды құдай тұтқан сонау ескі заманның адамдарының ұғымының санада сақталып қалған жаттандылықпен айтқанымен, оны, яғни «Құдайды» өздерінің шын мәніндегі «Жаратушым» деп қабылдамайтынының белгісі болса керек. Өйткені әлгі аналарымыздың ешқайсысы қаншама жаны күйзелсе де өздері мойындаған шын Жаратушыға, оның есімі деп білетін не Аллаға, не Тәңірге өмірі тіл тигізген емес. Қазір де солай!

Ман халқының бастау негізін абыздардың құрағанын және оларды жай халықтың «Айдың бауырлары» деп өзгелерден ерекшелеп әулие тұтқанын жоғарыда айттық. Мифология деректеріне сүйеніп айтылған осы тұжырымның қиял жемісі емес, тарихи шындық екенін кейінгі заман оқиғалары берер мағұлматтардан да анық аңғаруға болатын сияқты. Бұл деректердің берер мәліметіне қарағанда, ман халықтарының Пелопоннес өңірінен терістікке қарай қоныс аударуы он жылға созылған әйгілі Троя соғысы троялықтардың жеңілісімен аяқталғаннан кейін, олардың (*троялықтардың*) одақтастарының жан-жаққа ыдырап, бас сауғалаған кезінен басталатын секілді. Сол дүрбелең заманда Пелопоннестен өкше көтерген мандар Каспий теңізінің оңтүстігі мен оңтүстік шығысындағы аймаққа келгенде, олар осы ман атауымен ұзақ жылдар бойы тарихқа кеңінен танымал ғұз бірлестінің құрамында болған сыңайлы. Осы арада олар кәдімгідей көбейіп, іргелі елге айналып, батыс пен шығысқа қарай етек жайғаны байқалады. Шамасы олар сол кезде қазіргі Қазақстанның Қазығұрт тауының төңірегіне дейін жеткен болуы керек. Қазығұрт тауының әуелдегі атының Манкур (Маңқыр) және соның іргесіндегі таудың Мансары аталуы да, сондай-ақ Шымкенттің шығыс тұсындағы ежелгі көне қаланың «Манкент» деген атты иеленуі де сол баяғы ман жұртының аяғы жеткен жерлер екенін дәлелдегендей.

Құрамындағы ел мен жердің көбеюіне байланысты далалықтардың ежелден қалыптасқан ел басқару тәжірибесіне орай мандар да бір орталыққа бағынған үш бірлестікке бөлініп, солтүстік бөлігі – «**қараман**», орта бөлігі – «**сарыман**», батыс бөлігі «**ақман**» (*ақпан*) деп аталған. Осылардың кейбір ру-тайпалары түрлі тарихи жағдайларға байланысты өз бірлестіктерінен бөлініп шығып, Ұлы Даланы мекендеген басқа түріктестес халықтардың құрамына енгенде бұрынғы ортақ «ман» атауымен аталмай, өздерінің кейінгі осы атауларын сақтап қалған. Мысалы, қазақ халқының құрамында осының қараманы да, ақманы (*ақпаны*) да бар. Екеуі де орта және кіші жүздегі

белгілі рулар. Сарымандар Еділ бойына кеткен. (*Татардың «Сарман бойларында» атты әнін еске алыңыз*).

Жалпы «ман» атауы ерте замандарда осы маң тайпалары жайлаған аймақтардағы жер-су аттарында молынан сақталып қалған. Бұған дәлел ретінде ертерек заманда Маңғыстаудан Бірғыз өңіріндегі жайлауға жеткенге дейінгі қазақ көшінің жолындағы жер-су аттарын айтсақ та жеткілікті сияқты. Бұл ретте Маңғыстау өңірінің майталман білгірі, географ С. Қондыбай: «Егер де түбектің (*Маңғыстаудың. Қ.С.*) төріндегі Отпан, дұрысы: **Отман** таудың етегін көшкен ауылдың бастапқы нүктесі десек,.. сонда Отманнан шыққан көш екінші нүкте - **Ман-атаға** келіп, қыр үстіне шығады. Қыр үстіндегі жол көшті үшінші нүкте – **Манащы** сайға әкеледі. Бірнеше күн жүрген соң, Үстірттің терістігіндегі Жылыой кеңістігіне құлап, төртінші нүкте – **Ман-суалмасқа** жетеді. Одан шыққан жол бірнеше күндік жердегі Шағырой жазығындағы **Мань-сай** өзеніне апарады. Бұл – бесінші нүкте. Ал осы Маньсайдан шыққан көш араға тағы күн салып, соңғы нүкте – **Мань** әулие – Бірғыз жеріне жетеді [7, 229], - дейді. Қазіргі Қазақстан жеріндегі тек бір көш жолының бойында ғана «манға» қатысты алты бірдей жер-су атауларының жатуы, қалай дегенде де, кездейсоқтық болмаса керек. Бұл заманында осы аймақтарды маң халықтарының мекендегенінің бірден бір айғағы. Сондай-ақ бұл және ман халқы құрамында жүрген түрік халықтарының да ежелден бар көне халықтың бірі екенінің айғағы.

ДНК-ның генеалогиялық деректері мен фольклорлық-лингвистикалық айғақтарға сүйенген біраз зерттеушілер кейінгі кезде герман халқын да осы мандардың ұрпағы деген болжамдарын айта бастады. Бұл халықтың әуелгі төл аты герман емес, «**ерман**» көрінеді. Оның байырғы көне дереккөздерінде «*эрман*», «*ирман*» деген нұсқалары да кездеседі. Мысалы, IX ғасырдағы араб географы Мұхаммед ибн Мұса ал-Хваризми Германияны: «Ирманийа, а она - земля ас-сакалиба» [8, 48], - деген дерек береді. Мұндағы ас-сакалибаның Геодот жазатын «сколоттар» екенін, ал оның түрікше «асаколыты» деп аталтынын тілші ғалымдар дәлелдеген болатын (*Ю.Н. Дроздов, М. Закиев*).

Көне замандар дерегіне сүйене отырып, біз бұдан бұрын жазылған «Мыңғұл мен моңғол және үш Шыңғыс» (*Салғараұлы Қ. Аталған еңбек. Алматы.2013 ж.*) деген еңбегімізде х.э. дейінгі VI ғасырда Азов теңізі жағалауынан шығысқа қарай қозғалған мыңғұлдардың қазіргі Қазақстан жеріне келіп, бірнеше ғасыр бойы

мекендегенін айтқанбыз. Ман тайпаларының осы «Ерман» («герман») аталған бөлігінің қазіргі Қазақстан жерінен батысқа қарай жылжуы, шамасы, осы мыңғұлдардың мұнда келуінен көп бұрын болған сияқты. Өйткені Каспий теңізінің шығыс жағалауын мекендеген манның «тунгр» (Тұң-ар) атанған бір бөлегі Батысқа қарай жылжып, Рейн өзенінен өтіп, ондағы галлдарды талқандап, «ерман» деп аталғанға дейін де олардың жұртында бұларға ермей, жұртта қалған мандардың арасында да «ерман» (Ер+ман) деп аталғандар болған. Батысқа кеткен ермандардың өкше көтерген өңірі Үстүрт-Маңғыстаудың байырғы тұрғыны уақтардың (*көне деректерде: «Оңғұт»*) іргелі бір тайпасы «Ерман» деп аталған. Бұл ретте қазақтың мифтанушысы С. Қондыбай: «Уақ руының екі тармағының бірі өз тегін Ерменнен немесе «ер Маннан» бастайды. Ру есімінің (*яғни уақтың Қ.С.*) түрікмендік ата руының бір тармағы есіміне ұқсастығы (уақ – убак), сондай-ақ «қырымдық жырлар топтамасындағы» ... «уақ руынан шыққан Көкше, Қосай батырлардың оқиғалық таралу шегінің осы Үстірт-Маңғыстау аймағымен байланыстылығы – осы Ман ата мен уақтың Ер-Манының да біртекті образдар болуы мүмкіндігіне жол ашады», - деген ой айтады [7, 229].

Көне дереккөздерінде кездесетін осы «Ерман» (*Эрман*) атауының семантикасын талдағанда, оның «ер» және «ман» деген екі сөзден құралғанын, ал мұндағы *ер* (*эр, ир*) байырғы түріктің «батыр», «нағыз» деген ұғымды білдіретін сөзі мен ежелгі тайпаның «ман» деген атауының бірігуі арқылы жасалғанын тану онша қиындық туғызбайды. Сонда «ерман» атауы – «батыр ман», «нағыз ман» деген мағынаны білдіреді. Антикалық және ерте ортағасырлық деректерде кездесетін «эрман», «ирман» атаулары, сол секілді атаулардың алдына тамақтық «х», «г» дыбыстарының қосылып, «Herman» немесе «German» деген атауға айналуы да кейінгі өзге халықтардың тіл ерекшеліктеріне қарай айтылған нұсқалары. Ежелгі заман авторларының германдарды ірі денелі, өжет, аяушылығы аз, қатыгез, жауынгер жұрт ретінде сипаттаулары да олардың неліктен Ерман аталғанының мәнін ашып тұрғандай. Асылы, германдарға бұл атауды кезінде түріктілдес басқа көршілері берген секілді. Бұлай деуге Рим тарихшысы Тациттің (58 – 117 жж.): «Напротив, слово Германия – новое и недавно вошедшее в обиход, ибо те, кто первыми переправились через Рейн и прогнали галлов, ныне известные под именем тунгров, тогда прозывались германцами. Таким образом, наименование племени постепенно возобладало и распространилось

на весь народ; вначале все из страха обозначали его по имени победителей, а затем, после того, как это название укрепились, он и сам стал называть себя германцами» [9, 354], – деген дерегі де мүмкіндік беретіндей. Сондай-ақ осындағы Тациттің «...ныне известные под именем тунгров, тогда прозывались германцами» деуі біздің жоғарыдағы мандардың бір бөлігінің тунгрлардан да бұрын «ерман» деп аталған болуы керек деген ойымызды одан әрі құптай түседі.

Жалпы тарихшының осы дерегінен екі бірдей мәселенің түйінін тарқатуға болады. Оның біріншісі – Рейн өзенінен өтіп галлдарды талқандаған, еуропалықтар «тунгр» деген халықтың бұрын «герман» («ерман») деп аталғаны және осы герман атауының кейін барлық халыққа ортақ болып тарағаны. Бұдан «германның» жекелеген тайпаның не халықтың аты емес, бір кезеңде бір этноаумақта өмір сүріп жатқан бірнеше тайпаның (*халықтың*) жалпылама ортақ атауы екенін тануға болады. Тунгр да сондай герман құрамындағы тайпалардың бірі.

Екіншісі – «герман» атауының жаулаушы халыққа берілуі, яғни оларды «*герман*» атандырушылардың **жеңілушілер** екендігі. Ал бұл өз тарапынан «ерман» атауының «батыр ман», «нағыз ман» делінуінің мәнін де аша түседі. Өйткені мұнда жеңіліп, біреуге тәуелді болған жақтың өздерін жаулап алушыларды «батырлар», «нағыз ерлер» деп мойындаулары жатыр. Тарихшы Тациттің жаңағы «әуелде қорыққаннан оларды «герман» (ерман) атап кетті» деп ерекшелей көрсетуі де осы ойды айқындай түседі. Заманында төңірегіне осындай үрей, қорқыныш тудырып, көршілерін дүрліктіріп, атып, шауып кетіп жүрген ежелгі ман тайпасының ер жүрек батыр ұлдарының содырлы әрекеттері оларды өзгелердің «*шабар-ман*», «*атар-ман*» деп, ал сондай әрекетке басшы болып жүргендерді «*ата-ман*» атандыруына жағдай жасаған. Жалпы герман мифологиясындағы бірінші адамның аты да «Манн». Осыдан да болар жалпыгерман тілдерінде ман «адам», «кісі» деген ұғымды білдіреді. Манды бірінші адам дейтін аңыз басқа халықтарда да баршылық. Соның ішінде қазақ зерттеушісі С. Назарбеков осы Ман-атаны Адам-атамен шендестіреді [10, 127]. Қазіргі таңда біраз тілде «ман» сөзінің жаңа сөз тудыратын өнімді жұрнаққа айналуында да осындай түсініктердің әсері болғаны дауысыз. Оның бүгінгі қазақ тіліндегі нәтижесі: *оқырман, көрермен, тыңдарман* және т. б.

Германдардың, шындығында да, осындай жаужүрек батыр, ірі адамдар болғанын көне заманның тағы бір авторы Страбон да теріске шығармайды. Оның: «Области за Рейном, обращенные на восток и лежащие за территорией кельтов, населяют германцы. Последние мало отличаются от кельтского племени: большей дикостью, рослостью и более светлыми волосами, во всем остальном они схожи: по телосложению, нравам и образу жизни они таковы, как я описал кельтов. Поэтому, мне кажется, и ремляне называли их германцами, как бы желая указать, что это «истинные» галлаты. Ведь слово «Germani» на языке ремлян означает «подлинные» [11], – деп жазуы да осыған куәлік береді. Страбонның осындағы: «*Germani*» на языке ремлян означает «подлинные» дегеніне ежелгі заманда Еуропаны мекендеген халықтардың халықтық атауларының төркінін талдап, арнайы зерттеу еңбек жазған қазіргі заман ғалымы Ю. Н. Дроздов кәдімгідей күдік келтіреді. Оның айтуынша: римдіктердің бәрі латын тілінде сөйлеген. Осыған орай Страбонның айтып отырған «римдіктер тілі» дегені латын тілі десек, онда латын тілінде «подлинный» сөзі *verus, certus, praesens, propis* деген сөздер арқылы беріледі. Ал бұлардың бір де біреуі «*german*» сөзіне жуықтамайды, ұқсамайды. Демек, Страбонның «римдіктер тілі» деп отырғаны түрік тілі болуы керек. Өйткені Апеннин түбегі тұрғындарының дені антикалық заманда түрік тілдестер болған деген тәріздес пікір айтады. Бұл автордың ойын ерман атауындағы «батыр», «нағыз», деген мағына беретін түріктік «*er*» сөзінің Страбон айтатын «подлинный» сөзінің шынайы мағыналық баламасы екендігі де нақтылай түседі. Осыған орай түрік ғалымы Адила Аиданың Апеннин түбегінің ежелгі тұрғындары этрускилерді «түріктер» деп дәлелдеп арнайы еңбек жазғанын да еске сала кеткен артық болмас [12].

Жалпы германдар жайында сөз болғанда, оқырмандардың көз алдына қазіргі Германияның келері сөзсіз. Бірақ антикалық заманда «Германия» деп аталған этноаумақтың аясы бүгінгіден әлдеқайда кең болған. Мысалы, жоғарыда аты аталған Рим тарихшысы Тацит ол замандағы германдар мекенін: «Германия отделена от галлов, ретов и паннонцев реками Рейном и Дунаем, от сарматов и даков – обоюдною боязнью и горами; все прочие ее части охватывает Океан, омывающий обширные выступы суши и огромной протяженности острова с некоторыми, недавно узванными нами народами и царями, которых нам открыла война» [9], - деп суреттейді. Бұған қарағанда, аталған этноаумаққа қазіргі Германияны қоса алғанда бүгінгі

Орталық Еуропа елдерінің дені қамтылатыны анық байқалады. Және Тацит осы этноаумақтың ежелгі тұрғылықты тұрғындары, басқа халықтардан бөлініп келіп, сіңісіп кеткен мардымсыз кірмелерді есептемегенде, негізінен германдар болатын дегенді айтады.

Ал осы германдардың тегі кімдер дегенге келгенде, көне заман авторларының біразы оларды «скиф халқы», енді бір тобы «сармат халқы» деп таниды. Мысалы, IV ғасырдың авторы епископ Астерий Амасийский өзінің «Речь о начале постов» деген еңбегінде оларды «скиф» деп атайды: «... кочевы скифы, которые живут по Боспору и которые сидят по реке Рейну, не имеют домов, ни очагов. Они живут в шалашах, устраивая себе покрывку из шерсти, овечьих шкур и всего, чем можно покрыться. Поэтому они не употребляют в пищу хлеба, не знают плуга и не спашивают земли» [13, 266], - деген дерек береді. Бұдан Тацит көрсеткен Германия аталатын этноаумақты скиф халықтарының мекендегені бірден аңғарылады. Ал скиф халықтары мекендеген аумақтың «Скифия» аталатыны және оның Азия мен Еуропа құрлығын қоса қамтитындығы белгілі. Ол жөнінде XIII ғасырдың авторы Бартоломей Английский «О свойствах вещей» атты энциклопедиясының география бөлімінде: «Сифия (Скифия) – огромная область. Ее верхняя часть расположена в Азии, а нижняя в Европе» [14, 86-87], – деп атап көрсетеді. Бір ғажабы, көне заман авторлары Скифия мен Сарматия атауларын бір мағынада, бір-біріне синоним ұғым есебінде қолданады. Мұның солай екенін кейінгі орыс тарихшысы В. Н. Татищев те теріске шығармайды. Өзгелер германдарды «скифтер» десе, ол «сарматтар» деп біледі. Ол жөнінде: «Посему вся Германия в то включена и есть не бездоказательно, что германе древле со сарматы един народ сочиняли, если не все, то по малой мере часть восточная около Ельбы...» [15, 245], – дейді.

Ал ресми тарихтың скифтер мен сарматтарды үндіеуропа тілінде сөйлеген деген тұжырымды ғылымға енгізіп жібергеніне қарамастан, түріктанушы ғалымдар онымен келіспей, скиф-сарматтардың сол көне заманда түрік тілінде сөйлегенін жан-жақты дәлелдеумен келеді. Бұл орайдағы әңгімені соза бермес үшін айтылар ойды белгілі тіліші ғалым М. З. Закиевтің: «Примечательно то, что все тюркологи, которые дошли до скифских материалов и сами изучали их, обязательно признают тюркскоязычность основного состава скифов и сарматов и доказывают это лингвистическими, этнологическими, мифологическими, археологическими данными» [16, 143], - деген пікірімен түйіндеуді жөн көрдік. Тек бұған

қосарымыз: германдардың шыққан тегі жөнінен олардың фольклорында барлық германдардың түпкі атасының – Туистон, баласының – Ман аталатындығы. Туистон – әке-құдай делінеді. Есім сөздің төркініне талдау жасаған Ю.Н. Дроздов: «Имя отца прародителя всех германцев Туистона, на составные части можно разделить так: *Туис-тон*. В первой составляющей *тиус* последняя буква *с* – это предвнесенное латинизированное окончание. Формат *тиу* восходит к тюркскоязычному слову *деу* «исполин», «богатырь». У некоторых народов это слово (*различных фонетических вариантах*) используется до сих пор в значении «бог», «божество». Так греческом оно имеет форму «*теос*», а в латинском – «*део*». Вторая составляющая *тон* – это слово, которое в древности, означало не только «шуба», но и просто «одежда». Отсюда семантика этого имени могла быть такая – «Божественная одежда» (17, 125), – деп түсіндіреді. Егер ғалымның осы талдауы дұрыс болса, онда оның баласының Ман деген есімінің тайпа атауына айналуы өз-өзінен түсінікті болмақ. Бір кезде маң тайпасының мекені болған Маңғыстау түбегінде «Ман-ата» деп аталатын жердің барлығы да халық жадының құдыретін көрсетсе керек.

Мұның бәрі жиналып келгенде, ежелгі ман, кейінгі ерман (*герман*) аталған халықтың түпкі шыққан тегінің қазіргі түріктетес халықтардың арғы ата-бабаларымен еншілес екеніне сендіре түседі. Барған жерінде «Герман» деген жаңа есімге ие болған бұл мандар батысқа кеткенде олардың Каспийдің оңтүстік шығысында қалған бөлегін кейін Азов теңізі жағалауынан келіп, қазіргі Қазақстан жерін мекендеген мыңғұлдар өз құрамына қосып алған секілді. Бұл, шамамен, х.э. дейінгі V ғасыр. Өйткені бұл кездің деректерінде «ман» халықтық атау ретінде еш жерде жеке айтылмайды.

Осы орайда оқырманға түсінікті болуы үшін мандарды құрамына қосып алған бұл мыңғұлдарды әйгілі Шығыс тарихшылары Рашид ад-Дин, Хондемир, Әбілғазы еңбектеріндегі деректерге сүйене отырып, шартты түрде «Қарахан мыңғұлдары» деп алдық. Оған себеп, ресми тарих бұл мыңғұлдардың тарихын зерттеу аясынан тыс қалдырғандықтан, жалпы көпшіліктің олар туралы ештеме білмейтіндігі. Сондықтан жалаң «мыңғұл» деп өте шығу жұртты шатастырар дедік.

Міне, осы Қарахан мыңғұлдары бірте-бірте күшейіп, Татар хандығын талқандап, оларды қуып, шығысқа беттегенде мандардың «найман», «маңқұт» (*маңғыт*) деп аталған белгілі бір бөлегі солармен

бірге кетеді. Ал мұның наймандарының ұрпағының кейін Шығыста өз алдына іргелі хандық құрып, XIII ғасырда, қашан Шыңғыс хан жаулап алғанша, жеке дербес ел болып өмір сүргені, ал маңғыттарының (*маңқұттарының*) кейінгі Ноғай ордасының негізін қаласқаны баршаға белгілі.

Қарахан мыңғұлдары татарларды қуып Қытай шегарасына кеткенде мандардың бір бөлігі оларға ермей Каспий теңізінің оңтүстік шығысында, бұрынғы мекендерінде қалған болатын. Атақты Түрік қағанаттары құлғаннан кейін Қытай империясының отарлау оқпанына түсуден қорыққан түрік тайпалары бірін бірі ығыстырып, Орта Азияға қарай жылжи бастайды. Бұлар негізінен қыпшақтар мен оғыз халықтары еді. Осылардың оғыздары Каспий жағалауын мекендеген мандарға алдымен жетіп, түрік халықтарының түптегінің ортақтастығын таныту мақсатында халықтық атаудың алдына «түрік» деген сөзді қосып айтатын Шығыстағы ортағасырлық түріктердің дәстүрімен, мысалы, «түрік-сыр», «түрік-едіз» дегені сияқты жергілікті ман халқын өзгелерден ерекшелеп, «түрік-ман» деп атап кетеді. Бүгінгі таңда өз алдына тәуелсіз жеке ел болып отырған түрікмен халқының негізін осы ежелгі мандар құраған. Зерттеуші С. П. Поляковтың пайымдауларына қарағанда, түрікмен халқының құрамындағы «языр» (язғыр) атты іргелі тайпа сол мандардың тікелей ұрпақтары болса керек. Түрікменстан мен Маңғыстау жеріндегі түрікмендер пір тұтқан әулиелердің бәрінің осы язырлардан, оның ішінде Ата руынан шыққандар екені де құптай түседі [18].

Түп бастауы Жерорта теңізіне сұғына еніп жатқан Пелопоннес түбегін есте жоқ ескі замандарда мекендеген, мифология деректерінде «пеласги» деп аталатын халықтан тарқатылып, сан мыңжылдықтарды бастан өткеріп, түрлі-түрлі атаулармен аталып, бүгінге жеткен түрік тектес халықтардың бір тармағы - мандардың біз таныған қысқаша бастау тарихы осындай. Халықтың ауызша төл тарихын бүгінге жеткізген сөздердің сыртқы болмысын, ішкі мәнін танып, олардың айтар ойының қатпарын жазып, астарына үңіле білсек, естен өшкен ескі заманның бізге беймәлім небір құпияларын ашуға мүмкіндік туар еді-ау деген ой ұялайды көкейге. Тек соған талап қылып, жұмыла қолға алсақ кәне!

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Мифологическая словарь*. М. 1991.
2. Айзахметов А. *Рождение тюркского мира*. Тараз. 2004.

3. Гесиод. *«Работы и дни», «Теогония»*. Перевод в поэм Г. Властова. СПб. 1885. IX. Стр.280.
4. Джордж Томсон. *Исследования по истории древнегреческого общества. (доисторический Эгейский мир)*. М. Изд. «Иностранная литература» 1958. стр. 208)
5. *Мифы народов мира*. Энциклопедия.
6. *Мифы и легенды народов мира*. Россия. Азия. Восток. М. Т.3. 2000.
7. Қондыбай С. *Маңғыстау географиясы. Маңғыстау мен Үстірттің киелі орындары*. 3-т. Ал. 2008.
8. Калинина Т. М. *Сведения ранних ученых Арабского халифата*. М., 1988.
9. Тацит. *Сочинения*. М., 1993.
10. Назарбекұлы С. *Шығармалар жинағы* 6-т.
11. Страбон. *География*. М. 1994. стр. 265.
12. Adile Ayda. *Etruskler* (Tursakalar) Turk idiler.- Ankara, 1992.
13. ВДИ. 1948. № 3.
14. Матузова В. И. *Английские средневековые источники*. М., 1979.
15. Татищев В. Н. *История россиская*. т.1. М.-Л., 1962.
16. Закиев М. З. *Происхождение тюрков и татар*. М., 2003.
17. Дроздов Ю. Н. М., 2008.
18. Поляков С.П. *Этническая история Северо-западной Туркмении*. М. Изд-ство МГУ. 1973.

(Жалғасы. Басы өткен санда)